

1996 жылғы 16 қаңтардағы (Күн Хижрасы бойынша 1374 жылғы 26 дей) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қазандағы № 865 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1996 жылғы 16 қаңтардағы (Күн Хижрасы бойынша 1374 жылғы 26 дей) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі Арман Абайұлы Шаққалиевқа 1996 жылғы 16 қаңтардағы (Күн Хижрасы бойынша 1374 жылғы 26 дей) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.02.2025 № 59 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 18 қазандағы
№ 865 қаулысымен
мақұлданған

Жоба

1996 жылғы 16 қаңтардағы (Күн Хижрасы бойынша 1374 жылғы 26 дей) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі

1996 жылғы 16 қаңтардағы (Күн Хижрасы бойынша 1374 жылғы 26 дей) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттама жасасуға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Келісімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды жою және салық салуды болдырмау мен одан жалтаруға жол бермеу туралы келісім".

2-бап

Келісімге кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі өздерінің экономикалық қатынастарын одан әрі дамытуға және салық мәселелерінде ынтымақтастықты кеңейтуге ниет білдіре отырып,

салық төлеуді болдырмау немесе одан жалтару арқылы (оның ішінде, үшінші елдердің резиденттерінің жанама пайдасы үшін осы Келісімде көзделген жеңілдіктерді алуға бағытталған уағдаластықтарды пайдалану арқылы) салық салмауға немесе төмендетілген салық салуға мүмкіндіктер жасамай, Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды жою туралы келісім жасасуға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:".

3-бап

Келісімнің 2-бабының (Келісім қолданылатын салықтар) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Келісім бұрыннан бар салықтарға қосымша немесе олардың орнына осы Келісімге қол қойылған күннен кейін алынатын кез келген бірдей немесе мәні бойынша ұқсас салықтарға да қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімді қолдану қажеттілігі шегінде өздерінің салық заңнамаларындағы кез келген өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді."

4-бап

Келісімнің 3-бабы (Жалпы айқындамалар) 1-тармағының 3) тармақшасындағы " құзырлы орган" терминінің анықтамасында Иран Ислам Республикасы жағдайында ағылшын және орыс тілдеріндегі мәтіндерге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

5-бап

Келісімнің 4-бабының (Резидент) 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға болып табылмайтын тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары оның тиімді басқару орнын, инкорпорация немесе құрылған жерін және кез келген басқа да тиісті факторларды ескере отырып, осы Келісімнің мақсаттары үшін осындай тұлға резиденті болып есептелетін Уағдаласушы Мемлекетті өзара келісу бойынша айқындауға тырысады. Мұндай келісім болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарымен келісілген жағдайларды қоспағанда, осындай тұлғаның осы Келісімде көзделген қандай да бір жеңілдіктерге немесе салық төлеуден босатылуға құқығы жоқ."

6-бап

Келісімнің 5-бабы (Тұрақты мекеме) мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті толық немесе ішінара жүзеге асыратын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды:

а) басқару орнын;

б) бөлімшені;

в) кеңсені;

г) тауарлар немесе бұйымдар сату жүзеге асырылатын қойманы және көрмені;

д) фабриканы;

е) шеберхананы; және

ж) шахтаны, мұнай немесе газ ұңғымасын, карьерді немесе табиғи ресурстар алынатын кез келген басқа орынды қамтиды.

3. "Тұрақты мекеме" термині мыналарды да:

а) құрылыс алаңын немесе құрылыс объектісін, монтаждау немесе құрастыру объектісін немесе осы жұмыстардың орындалуын байқауға байланысты көрсетілетін қызметтерді, егер мұндай алаң немесе объекті 12 айдан астам уақыт бойы жұмыс істеп тұрған болса немесе мұндай қызметтер 12 айдан астам уақыт бойы көрсетілген болса ғана; және

б) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғыны немесе құрылысты немесе осы жұмыстардың орындалуын байқауға байланысты көрсетілетін қызметтерді немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысын немесе кенені, егер осындай пайдалану 12 айдан астам уақыт бойы созылса немесе осындай қызметтер 12 айдан астам уақыт бойы көрсетілсе ғана; және

в) осындай мақсаттар үшін резидент жалдаған қызметшілер немесе басқа да персонал арқылы резиденттердің көрсететін консультациялық қызметтерін қоса алғанда, қызметтер көрсетуді, бірақ егер мұндай сипаттағы қызмет (осындай немесе

соған байланысты жоба үшін) ел шегінде 12 айдан астам уақыт бойы жалғасса ғана, қамтиды.

4. Осы баптың 3-тармағының а) және б) тармақшаларында аталған 12 айлық мерзімнен асты ма, осыны айқындау мақсатында ғана,

а) егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте қызметті жүзеге асырса және осы қызмет түрлері он екі айдан аспай жалпы жиынтығы 30 күннен асатын бір немесе бірнеше уақыт кезеңі ішінде жүзеге асырылса, және

б) егер байланысты қызмет түрлерін бірінші аталған кәсіпорынмен тығыз байланысты бір немесе бірнеше кәсіпорын осы жерде, әрқайсысы 30 күннен асатын әртүрлі уақыт кезеңдері ішінде жүзеге асырса,

осындай әртүрлі уақыт кезеңдері бірінші аталған кәсіпорын осы жерде қызметті жүзеге асырған жиынтық уақыт кезеңіне қосылады.

5. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі қызметінің мына түрлері тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылмайтын ретінде қарастырылады:

а) құрылысжайларды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды тек сақтау немесе көрсету мақсаттары үшін ғана пайдалану;

б) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау немесе көрсету мақсаттары үшін ғана ұстау;

в) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын басқа кәсіпорынның тек қайта өңдеу мақсаттары үшін ғана ұстау;

г) тұрақты қызмет орнының тек тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстау;

д) тұрақты қызмет орнын тек жарнама қызметімен айналысу, ақпарат беру мақсаттары үшін, ғылыми зерттеулер үшін, дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызмет үшін ұстау;

е) тұрақты қызмет орнының осындай амал нәтижесінде туындаған жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болу шартымен, тұрақты қызмет орнын а) тармақшасынан е) тармақшасына дейін санамаланған қызмет түрлерінің кез келген амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстау.

6. Осы баптың 5-тармағы кәсіпорын пайдаланатын немесе күтіп-ұстайтын тұрақты қызмет орнына, егер осы кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті сол Уағдаласушы Мемлекеттегі осы немесе басқа орын арқылы жүзеге асырса, және

а) осы баптың ережелеріне сәйкес осы орын немесе басқа орын кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын үшін тұрақты мекемені құратын болса, немесе

б) екі кәсіпорын осы орын арқылы немесе дәл осы кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын екі орын арқылы жүзеге асыратын қызмет түрлерінің амалдары нәтижесінде алынған жиынтық қызметтің дайындық немесе көмекші сипаты болмаса,

бұл ретте екі кәсіпорын осы орын арқылы немесе дәл осы кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын екі орын арқылы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызмет жалпы кәсіпкерлік қызметтің бір бөлігі болып табылатын өзара толықтыратын функцияларды білдіруі шартымен, қолданылмайды.

7. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, бірақ осы баптың 8-тармағының ережелері ескеріле отырып, егер тұлға Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорынның атынан әрекет етсе және осылайша әдетте шарттар жасасса немесе әдетте кәсіпорын тарапынан елеулі өзгерістерсіз жасалатын келісімшарттарды жасасуда басты рөл атқарса және бұл келісімшарттар:

а) кәсіпорынның атынан, немесе

б) меншік құқығын беру немесе осы кәсіпорынға тиесілі немесе кәсіпорынның пайдалану құқығы бар мүлікті пайдалану құқығын беру үшін, немесе

в) осы кәсіпорынның қызмет көрсетуі үшін қолданылса,

осы тұлға кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез келген қызметке қатысты, егер осындай тұлғаның қызметі осы баптың 5-тармағында айтылған, тіпті, тұрақты қызмет орны (осы баптың 6-тармағы қолданылатын тұрақты қызмет орнынан басқа) арқылы жүзеге асырғанда да бұл тұрақты қызмет орнын аталған тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын қызмет түрлерімен шектелмесе ғана, осы кәсіпорын осы Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар ретінде қарастырылуға тиіс.

8. Егер Уағдаласушы Мемлекетте басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны атынан әрекет ететін тұлға бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте тәуелсіз агент ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және өзінің әдеттегі қызметі шеңберінде кәсіпорын атынан әрекет етсе, осы баптың 7-тармағы қолданылмайды. Алайда, егер тұлға тек қана немесе тек қана дерлік өзі тығыз өзара байланысты бір немесе бірнеше кәсіпорын атынан әрекет етсе, бұл тұлға кез келген осындай кәсіпорынға қатысты осы тармақтың мәні шегінде тәуелсіз агент ретінде қарастырылмауға тиіс.

9. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы (не болмаса тұрақты мекеме арқылы не болмаса басқадай жолмен) фактісі өздігінен осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

10. Осы баптың мақсаттары үшін, егер барлық тиісті фактілер мен мән-жайлардың негізінде бірі екіншісін бақылайтын болса немесе екеуі де сол тұлғалардың немесе кәсіпорындардың бақылауында болса, тұлға немесе кәсіпорын кәсіпорынмен тығыз байланысты болады. Кез келген жағдайда, тұлға немесе кәсіпорын, егер олардың бірі екіншісінің 50 пайыздан астам бенефициарлық үлесін тікелей немесе жанама түрде иеленсе (немесе компания жағдайында, жиынтық дауыс берудің және компания акциялары құнының немесе компанияға бенефициарлық қатысу үлесінің 50 пайыздан

астамы) немесе егер басқа тұлға немесе кәсіпорын тұлғаның және кәсіпорынның немесе екі кәсіпорынның 50 пайыздан астам бенефициарлық үлесіне тікелей немесе жанама түрде ие болса (немесе компания жағдайында, жиынтық дауыс берудің және компания акциялары құнының немесе компанияға бенефициарлық қатысу үлесінің 50 пайыздан астамы), кәсіпорынмен тығыз байланысты деп есептеледі.

7-бап

Келісімнің 10-бабы (Дивидендтер) 2-тармағының а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) егер дивидендтерді төлеу күнін қоса алғандағы 365 күн ішінде дивидендтер төлейтін компания капиталының кем дегенде 20 пайызын тікелей иеленетін компания іс жүзіндегі иеленуші болып табылса, дивиденттердің жалпы сомасының 5 пайызынан аспайды (осы кезеңді есептеу мақсаттары үшін акцияларға иелік ететін немесе дивидендтерді төлейтін компанияның біріктіру немесе бөліп қайта ұйымдастыру сияқты корпоративтік қайта ұйымдастыру нәтижесінде тікелей туындауы мүмкін меншік иесінің өзгеруін назарға алмаған жөн);".

8-бап

Келісімнің 25-бабының (Өзара келісіп алу рәсімі) 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де әрекеттері мұндай тұлғаға осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға алып келіп отыр немесе алып келеді деп есептесе, мұндай тұлға осы Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген қорғау құралдарына қарамастан, өзінің ісін Уағдаласушы Мемлекеттердің кез келгенінің құзыретті органына қарауға ұсына алады. Өтініш осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға алып келетін әрекеттер туралы алғаш хабардар етілген кезден бастап үш жыл ішінде берілуге тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол осындай өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Келісімге сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісу бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген уақыттағы кез келген шектеулерге қарамастан орындалады."

9-бап

Келісімнің 26-бабы (Ақпарат алмасу) мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін орындау немесе салық салу осы Келісімге қайшы келмейтіндей шамада Уағдаласушы Мемлекеттердің немесе олардың жергілікті билік органдарының атынан алынатын кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қатысты ұлттық заңнамасын әкімшілендіру

немесе қолдану үшін қажетті ақпарат алмасады. Ақпарат алмасу 1 және 2-баптармен шектелмейді.

2. 1-тармаққа сәйкес Уағдаласушы Мемлекет алған кез келген ақпарат Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес алынған ақпарат сияқты құпия болып саналады және 1-тармақта аталған салықтарға қатысты бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе апелляцияларды қараумен қатар жоғарыда көрсетілгендердің барлығын қадағалаумен де айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана ашылады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осындай мақсаттар үшін ғана пайдалана алады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде аша алады. Егер Уағдаласушы Мемлекет алған ақпарат екі Уағдаласушы Мемлекеттің де заңнамаларына сәйкес басқа мақсаттар үшін пайдаланылуы және осындай пайдалануға рұқсат беруші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы пайдалануы мүмкін болса, жоғарыда айтылғандарға қарамастан, мұндай ақпарат басқа да мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін.

3. Ешқандай жағдайда 1 және 2-тармақтардың ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;

б) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілендіру барысында алуға болмайтын ақпаратты беру;

в) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (*ordre public*) қайшы келуі мүмкін ақпаратты беру міндеттемелерін жүктейтін мағынада түсіндірілмейді.

4. Егер бір Уағдаласушы Мемлекет осы бапқа сәйкес ақпаратты сұратса, егер мұндай ақпарат, тіпті, осы басқа Уағдаласушы Мемлекетке өзінің жеке салықтық мақсаттары үшін талап етілмесе де, басқа Уағдаласушы Мемлекет сұратылған ақпаратты жинау бойынша шаралар қабылдайды. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме 3-тармақтың шектеу аясына түседі, бірақ мұндай шектеулер Уағдаласушы Мемлекетке осындай ақпаратқа ішкі мүдделіліктің болмауы себебінен ғана ақпарат беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмейді.

5. Осы баптың 3-тармағының ережелері ақпарат иеленуші болып банк, басқа қаржы мекемесі, номиналды ұстаушы немесе агент немесе сенім білдірілген өкіл ретінде әрекет ететін тұлға болып табылатындығы себебінен ғана немесе ақпарат меншік иесі ретіндегі тұлғаға қатысты болу себебіне байланысты, Уағдаласушы Мемлекетке ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмейді."

10-бап

Келісімнің 29-бабының (Күшіне енуі) және 30-бабының (Қолданылу күшін тоқтату) нөмірленуі тиісінше 30 (Күшіне енуі) және 31 (Қолданылу күшін тоқтату) болып өзгертілсін.

11-бап

Келісім мынадай мазмұндағы жаңа 29-баппен (Жеңілдіктерді шектеу) толықтырылсын:

"29-бап

Жеңілдіктерді шектеу

1. а) Егер:

i) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттен кіріс алатын болса және бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекет мұндай кірісті кәсіпорынның үшінші юрисдикцияда орналасқан тұрақты мекемесіне тиесілі деп қарайтын болса; және

ii) осындай тұрақты мекемеге тиесілі пайда бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте салықтан босатылса,

осы Келісімде көзделген жеңілдіктер, егер мұндай тұрақты өкілдік бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан болса, үшінші юрисдикциядағы салық бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте осы кіріс түрінен өндіріп алынуы мүмкін салықтың кемінде 60 пайызын құрайтын қандай да бір кіріс түріне қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы тармақтың ережелері қолданылатын кез келген кіріске осы Келісімнің кез келген басқа ережелеріне қарамастан, басқа Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс болады.

б) егер а) тармақшасында көрсетілген, басқа Уағдаласушы Мемлекетте алынған кіріс тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын (осы қызметке банк, сақтандыру ұйымы немесе тіркелген бағалы қағаздар дилері тиісінше жүзеге асыратын банктік көрсетілетін қызметтер, сақтандыру немесе бағалы қағаздарды басқару жатқызылатын жағдайларды қоспағанда, ұйымның өз шотындағы инвестицияларды жүзеге асыру, басқару немесе қарапайым иелену жөніндегі қызметтен ерекшеленетін) белсенді кәсіпкерлік қызметке байланысты алынған болса немесе онымен байланысты болса, а) тармақшасы қолданылмайды.

в) егер осы Келісімде көзделген жеңілдіктерді алудан бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған кіріс түріне қатысты а) тармақшасына сәйкес бас тартылса, басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы осыған қарамастан, егер осындай резиденттің сұрау салуына сәйкес құзыретті орган мұндай жеңілдіктерді беру осындай резидент а) және б) тармақшаларының талаптарына сай келмейтіндігі себептеріне негізделгенін анықтаса, осы кіріс түріне қатысты мұндай жеңілдіктерді беруі мүмкін. Алдыңғы сөйлемге сәйкес басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті

сұрау салу жолдаған Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы жеңілдік бермес бұрын немесе сұрау салудан бас тартпас бұрын осы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен консультация жүргізеді.

2. Осы Келісімнің кез келген ережесіне қарамастан, егер барлық тиісті фактілер мен мән-жайларды ескере отырып, осы жеңілдікті алу кез келген уағдаластықтың немесе мәміленің тікелей немесе жанама түрде осындай жеңілдікке алып келген негізгі мақсаттарының бірі болды деп пайымдауға қисынды негіз болса, қана осындай мән-жайларда мұндай жеңілдікті берудің осы Келісімнің тиісті ережелерінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетіні анықталмаса, осы Келісімге сәйкес жеңілдік табыс немесе капитал элементіне қатысты берілмейді."

12-бап

Күшіне енуі

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысы басқа Уағдаласушы Мемлекетті дипломатиялық арналар арқылы осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

2. Осы Хаттама осындай хабарламалардың соңғысы алынған күннен бастап күшіне енеді және:

а) осы Хаттама күшіне енгеннен кейінгі жылдың қаңтарының бірінші немесе бірінші күнінен кейінгі күні (Иран күнтізбесі бойынша Күн Хижрасы дей айының 10-ы күніне сәйкес келетін) төленген немесе есепке жазылған сомаға төлем көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

б) осы Хаттама күшіне енгеннен кейінгі жылдың қаңтарының бірінші немесе бірінші күнінен кейінгі күні басталатын (Иран күнтізбесі бойынша Күн Хижрасы дей айының 10-ы күніне сәйкес келетін) салық салынатын жылдағы басқа да салықтарға қатысты қолданылады.

3. Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды.

Осыны куәландыру үшін тиісті түрде олардың Үкіметтері уәкілеттік берген төменде қол қоюшы өкілдер осы Хаттамаға қол қойды.

_____ қаласында _____ жылы әрқайсысы қазақ, парсы, орыс, және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің күші бірдей. Мәтіндер арасында алшақтықтар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін пайдаланылады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Иран Ислам Республикасының
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК